

3

Ғылымда
орны бар тұлға

4

Жыр толқытып,
күй шалған

Сыр бойы

№167 (21043) 4 қараша, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алжир Президенті Әбделмажид Теббун мен оның отандастарын Алжир Халық Демократиялық Республикасының ұлттық мейрамы – Революция күнімен құттықтады.

– Біз еліңізді араб әлеміндегі және Солтүстік Африкадағы сенімді серіктестеріміздің бірі ретінде қарастырамыз. Қазақстан мен Алжир арасындағы дәстүрлі достық пен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас халықтарымыздың игілігі жолында ұдайы дами беретініне кәміл сенемін, – делінген құттықтау жеделхатында.

ҚАЗАН АЙЫНДА ТЕҢГЕ ҚАЛАЙ НЫҒАЙДЫ?

Қазақстан Ұлттық банкі қазан айындағы валюта нарығының жағдайы туралы ұсынған ақпаратта ай қорытындысымен теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 529,96 теңгеге дейін нығайып, 3,5%-ға өскенін көрсетіп отыр. Бұл туралы «ҚазАқпарат» мәлімдеді.

Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 248 млн АҚШ долларынан 271 млн долларға дейін артқан. Ал жалпы көлем 6 млрд долларды құрады.

Ұлттық қордан қазан айында 660 млн АҚШ доллары сатылған. Бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуі және «Галдырған-Ұшарал» магистральдық газ құбырын салуға бағытталған инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ұлттық қордан валюта сату үлесі жалпы сауда көлемінің 11%-ын немесе күніне шамамен 30 млн долларды құрады. Күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, қараша айында Ұлттық банк республикалық бюджетке трансферттер бөлу үшін Ұлттық қордан 600-700 млн АҚШ доллары көлемінде валюта сатады деген болжам бар.

«Айналым операциялары шеңберінде қазанда 475 млрд теңге қысқартылды, қарашада да осы мөлшерде операция жүргізу жоспарланған», – деп келтіреді қаржы ұйымы.

Ұлттық банк Ұлттық қор қаражаты есебінен операциялар мен айналым тетігін іске асыру кезінде нарықтық бейтарап қағидатын ұстанады, яғни шетел валютасы біркелкі және тұрақты түрде сатылады.

Қазан айында Ұлттық банк валюталық интервенция жүргізген жоқ. Квазимемлекеттік сектор субъектілері валюта түсімінің бір бөлігін міндетті сату нормасы аясында 279 млн АҚШ долларын сатты.

Зейнетақы активтеріндегі валюталық үлес шамамен 40% деңгейінде сақталуда. Осыған байланысты Ұлттық банк қазанда АҚШ долларын сатып алған жоқ және қарашада да сатып алу жоспарланбаған.

Ұлттық банк транспаренттілік қағидаты аясында валюта нарығында жүргізілетін операциялар туралы толық ақпаратты ашық жариялауды жалғастырады.

«Қысқамерзімді перспективада теңгенің бағамы нарық қатысушыларының күтулеріне, токсандық салық төлемдеріне, әлемдік нарықтағы ахуал мен геосаяси факторларға байланысты болмақ. Ұлттық банк теңгерімсіздікті болдырмайтын және алтын-валюта резервтерінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін икемді бағам саясатын ұстана береді» делінген ақпаратта.

/// МӘМІЛЕ

АГРОКЛАСТЕР ҚҰРЫЛЫП, ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің қатысуымен жаһандық инвестициялар жөніндегі VIII қазақстандық дөңгелек үстел (KGIR-2025) өтті.

Форумға 50-ден астам елден мыңнан астам қатысушы, атап айтқанда, өнеркәсіп, энергетика, АӨК, қаржы, фармацевтика, консалтинг және басқа да салалардағы халықаралық, отандық компаниялардың басшылығы жиналды.

KGIR-2025 алаңында \$7,5 млрд-тық 49 құжатқа қол қойылды, оның ішінде \$3,8 млрд-тық 13 коммерциялық келісім Премьер-министр Олжас Бектеновтің қатысуымен рәсімделді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, жиында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Harvest Agro компаниясымен бірлесіп, өңірде ірі агроиндустриялық кластер құру жөнінде үшжақты негіздемелік келісімге қол қойды.

Сонымен қатар, облыс әкімдігі мен Fabe Agro ЖШС арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін жылыжай кешені инвестициялық жобасын жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық меморандумы жасалды.



Harvest Agro компаниясы 21 мың гектар аумақта техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру, қайта өңдеу бағытында агроиндустриялық кластер құруды көздейді. Кешен құрамында жылына 60 мың тонна шикізат өңдейтін май сығу зауыты салынып, 150 адам жұмыспен қамтылмақ.

Fabe Agro компаниясы жылына 45 мың тонна өнім өндіретін заманауи жылыжай кешенін салуды

жоспарлаған. Кешенге сол жағалаудан 250 гектар жер телімі бөлінген. Жобаның құны 134,5 млрд теңге, іске қосылған соң 1200 адамға тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Аталған бастамалар өңірдің агро-өнеркәсіптік әлеуетін күшейтіп, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының құрылуына жол ашады.

«СБ» ақпарат

БЕЛСЕНДІЛІК ЖОҒАРЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында аймақта жалпай сенбілік жалғасуда. Барлық өлді мекенде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту жұмыстары атқарылды.

Бүгінгі күнге тазалық шараларына 420 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты. Жұмыс барысында 18 мың тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылып, өңірдегі 510 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1019 әлеуметтік нысан (мектептер, балабақшалар, спорт, денсаулық сақтау және т.б.), 3548 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 332 су объектісі (өзендер, көлдер, жасанды су айдындары, субұрқалар, арықтар және т.б.), мен 39894 көше бойы (9525 көпқабатты үй мен 30369 жер үй ауласы) тазартылды. Оған 540-тан аса техника жұмылдырылды.

Жыл басынан бері климатқа жерсінетін 255500 түп қарағаш, терек және Сыр талының көшеті егілді.

Республикалық бағдарлама аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

«СБ» ақпарат



САПАЛЫ АУЫЗСУ – ЕҢБЕКТІҢ ҚАЙТАРЫМЫ

1986 жылы құрылған «Арал-Сарбұлақ» су құбырын пайдалану басқармасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 1985-1993 жылдар аралығында іске қосылған 345 шақырымды қамтитын «Бердікөл» және «Қосаман» су құбырының екі су тартқысындағы 12 су көтергіш сорап станцияларының, хлорлау қондырғыларының, 38 ұңғыманың бүгінгі күні Арал және Қазалы халқын ауызсумен қамтамасыз етіп отырғанын ел біледі.

«Арал-Сарбұлақ» топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінде слесарь-жөндеуші болып он сегіз жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Жақсылық Балмахановты бөлімше ұжымы сөзге сараң болса да, іске мығым, нағыз өз ісінің мықты маманы, жауапкершілігі мол, қатардағы қарапайым еңбек адамы ретінде түгел біледі десе артық болмас.

Әр адамның жаратылысы, өзіне ғана тән болады емес пе?! Әйтеке би кентінде туып-өсіп, орта білім алған Жақсылық өресіне сай келсе де, келмесе де шартарапқа шарқ ұрып арман құғанды аңсап тұратын замандастары сияқты көңіл күйдің жетегіне ере кеткенді жөн көрмеді. Қазіргі еңбек етіп жүрген кәсіпорнының жай-күйінің қиыншылық кезеңіне қарамай, бөлімшеге слесарь-жөндеуші болып жұмысқа тұрды. Содан бері көзді ашып-жұмғанша өте шықпандай болған он сегіз жыл тәжірибе жинақтауға да, қалыптасуға да, бағытын айқындап тұрақтануына да жеткілікті болды.

Әрине, жыл мезгілдерінің аптап ыстығы мен қытымыр аязы, жанбырлы маусым жұмыс барысына әсер ететіні рас. Дегенмен, таңдаған кәсібінің жауапкершілігі алдығы орында екенін естен шығармау керек. Насос станциялары және су жүйелері үшін бекітілген



кестеге сәйкес алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында ауызсу нысандарын жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстарын тәртіпке сай атқару, су жүйелері мен насос станцияларындағы апатты уақытты әрі сапалы қалпына келтіру, апаттық жағдайларды уақытша қалпына келтіруге арналған құрал-жабдықтарды орнымен пайдалану – Жақсылықтың негізгі міндеттері. Кәсібін ерінбей-жалықпай адал атқаруға еті үйреніп кеткен.

Көп сөзге жоқ Жақсылық: Халықты ауызсумен қамтамасыз ету үшін қызмет жасап жүрген мамандардың еңбегі бағаланса, судың да сұрауы болатынын пыналай сезінсе, біздің елбегіміздің қайтарымы сол болар еді» дейді.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы



Валюта бағамы:

\$ 530,47 kzt

€ 613,75 kzt

₸ 6,56 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

☀️ +6°

☁️ -3°

Сәрсенбі

☀️ +2°

☁️ -8°

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Білім мен ғылым – көз келген елдің дамуы мен өркендеуінің басты көпірі. Бұл – жай ғана ұран емес, шынайы өмірдің қағидасына айналған ақиқат. Себебі адамзат тарихындағы әрбір өркеніетті кезең білім мен ғылымның жетістіктерімен тығыз байланысты.

Кейінгі жылдары елімізде осы бағытта жүйелі қаламдар жасалып жатқанын қуана айтуға болады. Әсіресе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың білім мен ғылым саласына тұрақты түрде назар аударып, нақты шешімдер қабылдап келе жатқаны болашаққа деген сенімді күшейтеді.

Жуырда ғана Астанада өткен «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты халықаралық стратегиялық серіктестер форумы осының айқын дәлелі. Бұл форум әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындары басшыларын, халықаралық рейтинг агенттіктері өкілдерін, ғылым мен инновация саласының жетекші мамандарын бір алаңда тоғыстырды.

Форум жұмысына Қазақстан Президенті қатысып, білім мен ғылымның адамзат өркениетін алға жылжитатын ең қуатты күш екенін ерекше атап өтті. «Университет – озық ойлар мен жаңа идеялардың ордасы, ал ғылым – қоғамның қозғаушы күші» деді Мемлекет басшысы.

Бұл сөздер тек жоғары оқу орындарына ғана емес, бүкіл қоғамға бағытталған стратегиялық бағдар іспетті.

Шынында да, университет – елдің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыратын, жаңа идеялар мен технологиялардың ұясы. Кейінгі жылдары Қазақстанда университеттердің дербестігі кеңейіп, зерттеу бағытындағы оқу орындарының саны артып келеді. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңның қабылдануы – бұл саладағы реформалардың жаңа кезеңі.

Мемлекет тарапынан қолдау да айқын сезіледі. 2019 жылдан бері білім мен ғылымға бөлінетін қаржы көлемі үш есеге артты. 1200 жаңа мектеп салынды, тағы 150 «Келешек мектебі» бой көтеруде. Бұл – жас ұрпақтың заманауи білім алуына жасалған зор мүмкіндік.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының инфрақұрылымы жаңарып, жаңа кампусар мен жатақханалар салынууда. Гранттар мен пайызсыз несиелердің көбеюі жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып отыр.

Мемлекет басшысының білім мен ғылым саласына қатысты әрбір форум мен кеңеске жеке қатысуы бұл бағыттың еліміздің стратегиялық болашағы үшін шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Форум барысында біз, жоғары оқу орындарының басшылары, халықаралық серіктестермен тәжірибе алмасып, жаңа ғылыми жобаларды жүзеге асыруға бағытталған бірқатар келісімдерге қол қойдық. Бұл «Болашақ» университеті үшін де маңызды кезең болды. Біз білім беру сапасын халықаралық деңгейге көтеру жолында нақты жоспарлар жасап отырмыз.

Біздің басты мақсатымыз – еңбек нарығының сұранысына сай білікті, заманауи ойлайтын, елжанды маман тәрбиелеу.

Білім мен ғылым – ел болашағының темірқазығы. Сондықтан әр ұстаздың еңбегі, әр зерттеушінің ізденісі, әр студенттің арманы – тәуелсіз еліміздің ертеңіне қосылған үлес.

Бұл форум Қазақстанның әлемдік білім кеңестігіндегі орны нығайып келе жатқанын, ал біздің еліміздің ғылым мен инновацияға негізделген болашағы айқын екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Г.СНАСАПОВА,
Қызылорда «Болашақ»
университетінің ректоры

АЗАМАТТАРҒА АЛҒЫС АЙТТЫ



Кеше облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, қала әкімі Нұржан Ахатов, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Данияр Еренғалиұлы Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясына белсенді атсалысқан, Мемлекет басшысының жұмыс сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға үлес қосқан азаматтарға алғыс білдірді.

– Өздеріңізге белгілі, өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында аймақтағы жаңа әлеуметтік, инфрақұрылымдық, өндірістік нысандарда болды. Бірқатар ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысымен танысып, облыс жұртшылығымен кездесті.

Атқарылған істерге «Облыс жақсы дамып келе жатыр. Қарқынды жоғары» деп оң баға берді. Бұл – Мемлекет басшысының биік сенімін ақтап, халыққа адал қызмет жасаудың, елдік мұрат жолында білімі мен білігін жұмсаудың, ел үшін аянбай еңбек етудің үлгісін танытқан, барша жерлестерімізді береке-бірлікке ұйытқан аймақ басшысының қыруар жұмысты ұтымды ұйымдастыруының нәтижесі.

Мемлекет басшысының жұмыс сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға қосқан елеулі үлестеріңіз үшін Сіздерге Нұрлыбек Машбекұлының риясыз алғысын жеткіземін. Алдағы уақытта да Қызылорда облысының өсіп-өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының артуына аянбай еңбек ете берейсіздер! Егемен еліміздің жарқын болашағы жолындағы қызметтеріңізге биік абырой, өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! – деді Д.Жаналинов.

Жиында бірқатар қызметкерлер облыстың Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қызылорда облысының құрметті азаматы Шәкізат Төребаев құттықтау сөз сөйлеп, марапат иелеріне ізгі тілектерін жеткізді.

«СБ» ақпарат

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес жауапты сала басшыларымен бірге жаңадан салынып жатқан «Көрме орталығы» және «Достық үйі» ғимараттарының құрылысын көрді.



«Көрме орталығының» құрылысы мамыр айында басталды. Ғимаратта көрме, конференция залдары, әкімшілік кабинеттер, санитарлық-тұрмыстық, техникалық бөлмелер бар. Көпфункционалды нысанда көрме, жәрменке, концерт өткізіледі, яғни бұл – әртүрлі ауқымдағы іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге арналған экспозициялық кеңістік. Кең, ашық кеңістік түрінде жобаланған, жинақталып-бөлшектелетін көрме құрылымдарын орнату және жиі ауыстыру мүмкіндігі ескерілген. Бір мезетте 215 адамды қабылдай алады.

«Достық үйі» желтоқсан айында пайдалануға беріледі. Ғимарат күн сәулесінен қорғайтын өрнектері бар сәндік панельдермен перфорацияланған. Офистік үй-жайлар екінші және үшінші қабаттарда орналасқан. Атап айтсақ, холл, фойе, ресепшн, гардероб, 200

орындық үлкен зал, 60 орындық кофейня, кеңсе бөлмелері бар. Конференц-зал видеопроектормен және интерактивті тактамен жабдықталған.

Цокольді қабатта музыка және вокал бөлмесі, гардероб, киім-кешек қоры, би студиясы, клуб, кеңсе, архив, күзет, қоймалар және қосалқы бөлмелер қарастырылған.

Бүгінгі күнге бірінші, екінші және үшінші қабаттардың колоннаригельдері және жабын плиталары толығымен құйылды. Инженерлік желілері (электр, ауыз су, жылу, кәріз жүйесі), ішкі сылақ жұмыстары толық аяқталып, әрлеу, дизайнерлік безендіру қолға алынған. Бұған қоса сыртқы абаттандыру, витраж орнату және қасбетін қаптау жұмыстары жүргізілуде.

«СБ» ақпарат



«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Заң мен тәртіп идеологиясын насихаттау аясында «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті. Негізгі мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтарға тегін заңгерлік көмек көрсету.

Акция барысында прокуратура қызметкерлері тұрғындарға түсіндірме ұнарақтарын таратып, жер қатынастары, әлеуметтік төлемдер, еңбек даулары, тұрғын үй, несиелік, жергілікті соттарда қаралып жатқан даулар және отбасы мәселелері бойынша кеңес алды.

Тоғыз жүзге жуық тұрғын өз мәселелері бойынша кеңес пен құқықтық көмек алып, бірқатары шешімін тапса, қалғанына шешім қабылдау жөнінде нақты нұсқау берілді.

МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Орталық алаңда «Алтын күз – 2025» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі өтті. Оған ауданға қарасты кенттер, ауылдық округтер мен табиғат пайдаланушылар жеткізген 43 тоннаға жуық өнім нарықтағыдан 10-15 пайыз төмен бағада сатылымға шығарылды.

Жәрменкеде 4 тоннаға жуық ет, 11 тоннадай балық және балық өнімдері, 3 тонна тұз, 300 литр сүт өнімдері, 25 тоннадан астам көкөністер мен күнделікті тұтынуға арналған азық-түлік тауарлары ұсынылды. Сондай-ақ ауданға қарасты тоған шаруашылығынан әкелінген балық түрлері тірідей сатылды.

Бұдан бөлек, орталық алаңда жеңілдетілген несие алған кәсіпкерлердің өнімдерінен көрме ұйымдастырылды.

ТАЗАЛЫҚ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында аудан орталығы мен ауылдық округтерде сенбілік ұйымдастырылды.

Күзгі санитарлық жұмыстарда Әйтеке би кентіндегі 7 аймақ пен орталық көшелер, кенттің сыртқы және ішкі аумақтарындағы қоқыс тазаланып, бордюрлер әктелді, қоршаулар сырланды.

Тазалық жұмыстарын аудан әкімі Алмасбек Есмаханов көріп, орталық базар, теміржол вокзалы және көшелерге жұмысына қатысты жауапты басшыларға бірқатар тапсырма жүктелді.

ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ОЛИМПИАДА

Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз Үсен Қошалақов атындағы «Ұстаз – ұлағаттың шайыры» тақырыбында математика пәнінен дәстүрлі XVIII аудандық пәндік олимпиада өтті.

2007 жылдан бастау алған бұл олимпиада жыл сайын аудан жастарының математикалық қабілетін шыңдап, ардагер-ұстаздың есімін ұрпақ жадында жаңғыртуда. Биыл бұл шара ардагер-ұстаз ұзақ жыл еңбек еткен А.Жанпейісов атындағы №105 мектеп-лицейінде ұйымдастырылды. Оған аудан әкімінің орынбасары Диас Асылбекұлы қатысып, сәттілік тіледі.

Шара барысында үздік нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атанған оқушылар марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Жиын соңында аудандық мәслихат төрағасы Әділ Үсенұлы олимпиаданы дәстүрлі түрде жоғары деңгейде өткізіп жүрген ұстаздар қауымына алғысын білдірді.

ЖАУЫНГЕР ЕРЛІГІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Аққыр ауылында азаматтық борышын өтеу жолында ерлікпен қаза тапқан жауынгер Сабырбек Тайшықұлын еске алуға арналған ұлттық спорт түрлерінен аудандық жарыс жалауын көтерді.

Шараның салтанатты ашылуына аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, жарыс қатысушылары мен ауыл тұрғындарын патриоттық рухтағы дәстүрлі шараның басталуымен құттықтады.

Сонымен қатар Тайшық Бактыбайұлы әулетінің бастамасымен «Бақ қонған әулет» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Кітапта батырдың өмір жолы, ерлік істері мен ұрпағына қалдырған өнегелі тағылымы кеңінен баяндалған.

Аудандық деңгейдегі бұл жарыс қазақ күресі, гир тасын көтеру, қол күрес, қой көтеру және арқан тартыс секілді ұлттық спорт түрлерін қамтиды. Қатысушылар өз күш-қайратын, ептілігін мен жігерін сынға салды.

КІТАПХАНАШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев «Руханият орталығында» аудан кітапханашыларын қабылдап, кәсіби мерекемен құттықтады.

– Кітапхана адам өміріне, болашағына ықпал етіп, жақсы бастамаға, жарқын болашаққа жол ашатын рухани қазына ордасы, білімнің киелі шаңырағы саналады. Ал кітапханашы – бүгінде оқырманға кітап беріп қана қоймай, күнделікті ақпарат ағынын оқырманға жетелеуші, кітапхананың бай қорын сақтаушы және насихаттаушы. Біз кітапханашылардың еңбегін әрдайым жоғары бағалап, қызметтеріне құрметпен қараймыз, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Мерекелік іс-шарада аудан басшысы сала ардагерлері мен қызметкерлерін Алғыс хатпен марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

ЖАСТАР «КӨШПЕНДІЛЕРДІ» ТАЛҚЫЛАДЫ

«Рухани өрлеу» шығармашылық орталығы жастардың рухани танымын кеңейту мақсатында Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына орай арнайы шара ұйымдастырды.

Шараға қатысушылар әйгілі «Көшпенділер» трилогиясы негізінде түсірілген «Көшпенділер» фильмін тамашалады. Көрсетілімнен кейін туындыдан алған әсерін бөлісіп, фильмнің тәрбиелік мән-маңызын атап өтті. Қазақ елінің бірлігі, елдік рух пен ерлікке толы тарих туралы ой өрбітіп, Ілияс Есенберлин шығармаларының бүгінгі күнмен үндесетін тұстарына тоқталды.

Шығармашылық орталықтың қоғамдық-мәдени шараларына белсене атсалысып жүрген бірқатар белсенді азамат Әдеп жөніндегі уәкілдің Алғыс хатымен марапатталды.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНЫШТЫҚ БАСТЫ ОРЫНДА

Аудан көлемінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және жасөспірімдердің түнгі уақытта заңсыз жүруінің алдын алу мақсатында рейд ұйымдастырылды. Орталық алаңда өткізілген іс-шараға аудан әкімдігі, құқық қорғау органдары, білім беру ұйымдары қатысты.

Рейд барысында қоғамдық орындар бақылауға алынып, көмелетке толмағандар және олардың ата-аналарына профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Аудан аумағындағы тыныштық пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бағытындағы алдын алу шаралары жалғасады.

Әзірлеген Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// МЕРЕЙ

ҒЫЛЫМДА ОРНЫ БАР ТҰЛҒА

Шералы Шапатайұлы Ибраев тумысынан алғыр, қайсар, мұғалімдерінің сүйікті шәкірті, арманы биік, мақсаты зор болды. Өзі туып-өскен совхоздағы Абай атындағы №50 орта мектепті бітіріп, ғұлама ғалымдардың жолын қусам деген асқақ арманымен 1982 жылы Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтының физика және математика факультетіне түскен. Институт қабырғасында алғыр студенттер қатарында болып, сол кезеңдегі ең жоғары шәкіртақыны алған.



Еңбек жолын Шиелі ауданындағы №133 Жансейіт ортау мектебінде физика және математика пәнінің мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарумен бастады.

Жастайынан ғылымды тандаған маман 1990-1996 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Физика және физиканы оқыту әдістемесі», «Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедраларында өзі дәріс алған аға бұын ұстаздарымен бірге оқытушы, аға оқытушы қызметтерін абыроймен атқарды.

1996-1999 жылдары Теориялық және колданбалы математика институтының аспирантурасында оқыды. Аспирантураны сәтті тәмамдаған Шералы Шапатайұлы 1999-2018 жылдары жоғары оқу орындарынан алған білімі мен біліктілігін «Болашақ» университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан, оқу-ғылыми істер жөніндегі проректор және ректордың міндетін атқарушы қызметтерімен ұштастырды.

«Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы

кұрбы, жақсы ұстаздан болады» деген Абай өсиетін өмірлік ұстанымына айналдырған ғалым талпынысын тек арманмен емес, нақты іспен дәлелдеп келеді.

2001 жылы Шералы Ибраев әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы А.Жұмаділдаевтың жетекшілігімен «Классикалық модуляр Ли алгебраларының жіктелмейтін кеңеюлері мен когомологиялар» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым жолындағы маңызды белестің бірінен өтті.

2009 жылдан бері ол ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын жобаларға белсенді қатысып келеді. Ибраевтың ғылыми бағыты – алгебрадағы күрделі салалардың бірі, нақтырақ айтқанда, классикалық топтар мен классикалық Ли алгебраларының көріністері мен когомологиялары. Оның зерттеулері классикалық алгебралық құрылымдардың көріністер теориясының дамуына зор үлес қосқан Софус Ли, Эли Картан және Герман Вейль сынды ғалымдардың еңбектерінен ба-

стау алады. Шералы Ибраев модуляр жағдайдағы Ли алгебраларының көріністері мен когомологияларына қатысты біркатар маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, аз өлшемді Ли алгебралары мен алгебралық топтардың жіктелмейтін кеңеюлерін анықтап, сегіз өлшемді классикалық модуляр Ли алгебрасының когомологияларын толық есептеп шықты. Сонымен қатар, оң сипаттамалы алгебралық топтар мен олардың Ли алгебралары когомологияларының эквиваленттігіне қатысты шешілмеген күрделі есептерге нақты жауап тапты. Вейль модульдерінің құрылымына байланысты классикалық теоремалардың модуляр аналогтарын дәлелдеді.

Кейінгі жылдары ғалым контрактредидентті Ли алгебраларының көріністерін де терең зерттеп жүр. Осы салада модуляр контрактредидентті Ли алгебраларының келтірілмейтін жалпылама шектелген көріністерін толық классификациялауға қол жеткізді.

Шералы Ибраевтың ғылыми жұмыстары Қазақстан ғылымының халықаралық деңгейде танылуына өзіндік үлес қосуда. Оның зерттеу нәтижелері Web of Science және Scopus

базаларында тіркелген халықаралық басылымдарда жарық көрген.

Ғылым мен жоғары білім саласындағы еңбегі еленіп, Шералы Ибраев біркатар салалық марапаттарға ие болды. Ол ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хаттары, Құрмет грамоталарымен, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Министрліктің конкурстық негізде тағайындалатын «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын иеленген.

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев Baribar.kz сайтына берген сұхбатында Шералы Ибраевтың ғылыми жұмысына оң бағасын берген. «Ко-гомология саласында жұмыс істейтін Шералы Ибраев деген бала бар. Бүкіл ТМД-да оның деңгейіндегі адам жоқ. Өте мықты. Екеуіміз «Ли алгебрасы» деген кітап шығардық. Ол – қазақ тіліндегі бірінші кітап» деп атап өткен.

Ол – жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді басты мақсат еткен ұстаз. Математика ғылымының терең тұңғығын меңгерген маман қазіргі күні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті кадрлар дайындауға белсенді атсалысып келеді.

Кейінгі жылдары ол оқу үдерісіне ғылым мен инновацияның жаңа жетістіктерін енгізіп, білім сапасын арттыруға ерекше үлес қосуда. Ғалымның бастамасымен «Ассоциативті емес алгебралар» және «Модульдер мен көріністер» атты жаңа пәндер дайындалып, олардың оқу бағдарламалары мен оқу құралдары әзірленіп, студенттерге ұсынылды.

Бүгінде оның жетекшілігімен зерттеу жүргізіп жүрген магистранттардың ғылыми еңбектері де осы оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған. Жас зерттеушілердің табыстары ұстаздың еңбегі мен бағыт-бағдарының нәтижесі екенін айқын көрсетеді.

Әр сабағын өмірмен байланыстырып өткізуге тырысатын ұстаз студенттерге математика тек формулалар емес, ойлау мәдениеті екенін ұғындырады. Оның еңбегі – ғылым мен білімнің тоғысқан тұсында жаңа ұрпақтың ойлау кеністігін кеңейтуге бағытталған ізгі миссияның жарқын үлгісі.

Бүгінде алпысты алқымдаған Шералы Шапатайұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Физика және математика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры ретінде еңбек етуде.

Айсуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Мемлекеттік қызметші – қоғам айнасы, биліктің келбеті десек артық емес. Өйткені мемлекеттік қызметті атқару – қоғам мен мемлекет тарапынан айрықша сенім білдіру деген сөз. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы мен олардың жұмысына деген жауапкершілігі және өзіне деген қоғамның сенімін қалыптастыру – әрбір мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеті. Мұндай сенім мен құрметке ие болу оңай емес. Ол үшін бір ғана кәсіби білім мен біліктілік аздық етеді. Одан бөлек мемқызметшінің жеке мінез-құлық мәселесі және бар, яғни мемлекеттік қызметшінің кәсіби деңгейі мен моральдық-адамгершілік қасиеттері қатар тұруы керек.

ҚАРАПАЙЫМ БОЛМЫС ИЕСІ

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас маманы-мемлекеттік аудитор, экономиканың дамуына мемлекеттік аудит жүргізу бөлімінің бас маманы-мемлекеттік аудитор, №2 мемлекеттік аудит бөлімінің бас маманы-мемлекеттік аудитор болып жұмыс істеген. Бүгінде жоғарыда айтып өткеніміздей, мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудиторы.

Нұрлан Қалдыбайұлы мемлекеттік қызметтегі қырық жылға жуық еңбек өтілінде өзінің кәсібіне деген адалдығымен, адамгершілік биік қасиетімен, біліктілігімен, бай тәжірибесімен көпшілікке үлгі болып, сый-құрметке бөленіп келеді.

Ол 2015 жылы II дәрежелі «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласының үздігі» төсбелгісімен, 2023 жылы «Қаржы сақшысы» медалімен марапатталды. Отбасылы, 5 баласы, немерелері бар.

«Ұлық болсаң, кішік бол» демекші, майталман маман өзінен кейінгі, ізінен ерген жастарға ағалық ақыл-кеңесін беріп, білгенін бөлісуден жалыққан емес. Нұрлан Қалдыбайұлының қарапайым болмысы, мемлекеттік қызметтегі мол тәжірибесі және мамандарға қашан да үлгі-өнеге.

Бауыржан ПШАНОВ,
Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі, әлеп жөніндегі уәкіл



Ақкісі¹ қыраны еді, қия-құздың, Мекені құндағында құла-дүздің. Дегдарзат, нағашысы Мөңке бидің, Жарқыраған сәулесі мыңжылғы іздің...

Автор

Мыңжылдықтай болжаған Тұранның ұлы тұңғасы

Тұр айырып, тін тартып тектілерден, Ұлы жұртты ұлылар мекендеген. Сарыарқа, Торғай, Мұғалжар,

Ұйысқан текеметте Тұран деген. Бекзатты елдің ұрпағы өніп-өсіп, Көбікті Көктенгізі² көк тіреген. Жейхун³, Сейхун⁴ жағасы құтты қоныс, Көбір кеуіп, жағадан шөлді іреген. Нарөркеш, бұйра жалды боз құмдардың,

Түбінде мол суы бар мөлдіреген. Жеркіндігі байланған әз-Тұранның, Жанары еді Күрлері⁵ жәудіреген. Ел-жұртының тасытып берекесін, Би-бектері дау шешіп, ел билеген. Алты Өлімнің арканат-қолғанаты, Туымды ерлер Шектіден⁶ ең-дөреген. Ұлытау қиясында мәңгі жатқан, Ұлылардан ұлағат мәуелеген. Оныншы буын болды Мөңке бабам, Мың пайызды, ерпайыз – Еділгедең⁷. Текті тіннің дөнегі – Сүйінбике⁸, Бесінші бел буыны – Жүсіп биден⁹. Қағанағын нұр жуан дала төлі, Сайыпқыран, сәуірларан Русьті иген. Көрікші, көріпкелі, ойшылы бар, Төскейінде шындалған батыр, мерген. Ел қорғаны ерлерге серік болған, Айтұяқты арғымақ, қында берен. Көкаралдың көкжалы Көшім¹⁰ мырза, Сібір билеп, сілемін түркілеген. Әз-Жәнібек ақыны, ақылшысы, Желмамын жоңында Асан¹¹ желген. Ұлы дала ұлдары бабаларым, Жер-жаһанға ұранмен рух берген. Сақ-ғұндардың жалғасы, жарықтықтар, Жүрегінде күй ойнап, жыр түлеген. Оғландары адал дос, жомарт жүрек, Ұызды асынан жарып емген. Ұлтының ұлы ойшылы Мөңке биім, Көкірегі қазына, асыл зерен. Замананың ағымын дәл басатын, Тұлпардан тумыш туған, дүр-көреген. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөлде», Хандарға кеңес беріп, бас сүйеген. Босқыншылық боздатып бойтайлағын, Пана тапқан Тобықты Кіші жүзден. Қырық үй көш келген-ді жан сақтауға, Үш Олжай¹² ардақтаған Айпарамең¹³. Топай, Торғай, Ырғызбай бата дарып, Үйіріне қосылған Сыр елінен. Тамыры бір Үш жүзім, Мөңке бидің, Рухтанған, «шерепет-шегенінен». Ұрпақтың келешегін пайымдаса, Сөзімді айда ұйытып, аян көрген. Дала ұлына мансапсыз «мағунатты»¹⁴, Махфузында¹⁵ Жаратқан, өзі берген. Қылы заман, қисапсыз соғыстарла, Мір оғындай сөздері нала керген. Болашақтың бедері жай тапқызбай, Қанаттасып қасына қыдыр ерген. Мыңжылдықты болжаған қайран абыз, Қу құрықтап, қуарған Құрлым¹⁶ көрген. Жер төсінен тоғытып ой-сананы, Сафи¹⁷ сөзді сабақтап ғарышқа өрген.

Қарашыққа как тұрды ойлағанда, Киелі кең даласын құлан желген. Шылым, шарап, көкнәрдің¹⁸ кесепатын, Ескертті, теңестіріп дүлей-кермен. Салт-дәстүрге кам жеді, қайғы шекті, Ғасырлардың қойнауы ірітпеген. Пенденің табиғатын, ой-пигылын, Сарас көңіл саралап жіліктеген. Адамзат құндылығын жеке жіктеп, Алақанға салғандай айтып кеткен. Оралдың ортамызға Мөңке баба, Рухынды құндақтап Ғайып-ерен. Сәуле түсіп санама, түйсік түрткен, Күлдіреті аруақтың «өлмей-кезген». Мың алғыс, Ұлы берген ұясынан – Тоғайрағы¹⁹ тоғымды «Шекті-мекен» ?!

ТҮСІНІКТЕМЕ:

1. «Ақ кісі» – Әзім-Шекті, Қырғыз аталығынан тарайтын Ақкісі Барақұлы. Тілеуұлы Мөңке бидің анасы Сұлу Ақкісінің қызы.
2. «Көктенгізі» – Араз теңізінің ескі атауларының бірі.
3. «Жейхун» – Әмударияның ескі атауы.
4. «Сейхун» – Сырдарияның ескі атауы.
5. «Күрлері» – Араз теңізінің ескі атауларының бірі.
6. «Шекті» – Кіші жүз, Әзім руының бір тармағы.
7. «Едіге» – Ноғай ордасының негізін қалаған, Алтын орданың соңғы билеушісі.
8. «Сүйінбике» – ресент ретінде Қазан хандығын билеген патшайым.
9. «Жүсіп би» – Едіге бидің бесінші ұрпағы.
10. «Көшім» – Көшім Бабаұр, Ноғай ордасында дүниесі келіп, Сібір хандығын билеген Шыңғыс қағанның соңғы ұрпағы.
11. «Асан» – Асан қайғы, мемлекет қайраткері, Араз өңірінің Сырдария жағалауын мекен еткен.
12. «Үш Олжай» – Арғын, Тобықты руының бір тармағы.
13. «Айпар» – Абайдың төртінші атасы Айдостың әйелі, Ырғызбайдың анасы.
14. «Мағунат» – адамдардың құлағына сыбырлап, оқиғадан хабарлар ететін аруақ түрі.
15. «Махфуз» – тағдыр тағтасы.
16. «Құрлым» – Ырғыз алабындағы батпақты, ұйықты тұйық көл.
17. «Сафи» – таза, адал.
18. «Көкнәр» – Апын (Оңтүт), наркотик.
19. «Тоғайрақ» – тоқ ішек, қатпарлы қарын.



Сөйлеген сөзі – сом алтын

Миуалатып суырған әрбір сөзін, Шымырлатып өндірген бұлақ көзін, Адамзаттың әлемі мойындаған, Ұлы баба, Мөңке би қасиетін. Ұрпаққа жалғастыру бізге парыз – Аманатын, дүр-жауһар дүниесін. Нұр ниетті демей көр, жеті жаста, Билікке араласып, дау шешкенін. Әулие демей көрші, қыдыр қонып, Мыңжылдық ұлы жолға із кескенін. Ғайыпты демей көрші, тіршілікте, Ғаламдық құбылыпсен тілдескенін. Әділ би демей көрші, дау шешкенде, Мын түінді тарқатып, бір кескенін. Ұлы ойшыл демей көр, ұлағаты, Әлі тартып келеді керуен теңін. Жұлдызшы демей көрші, зерделеген, Ауа көшіп Үркердің үріккенін. Жеті амалдың тамырын басып тұрып, Сақтандырған күнбұрын шаруагерін. Жанар от, ғасыл қаннан танилы екен, Көзқаракты, қайыспас қамшыгерін. Сынышылдығы бір төбе, қонағының, Қылығынан ұғыпты бар пейілін. Қамқоршы демей көрші, ел-жұртының, Тілі, ділі, дінінің кіріккенін. Мұсылман демей көрші, мақсат еткен, Тілі, ділі, дінінің кіріккенін. Ұлағат, мейіріммен айналасын, Тәрбиелеп, термеген ақау-мінін. Қиямпұрыс қылы жол үзе алмаған, «Құмай пораз»¹ жүйріктің текті тінін. Сомжүрек, шешен-шайыр демей көрші, Тот баспайтын даланың Наркескенін. Саясаттың сан қыры мұқалтпаған, Данышпаның, даланың көріпкелін. «Түркінің қыраны» деп айдар таққан, Көгенінде нұрланған ердің ерін. Сөйлеген сөзі сом алтын, Мөңке бидің, Мәйегінен ұйытқан сөздің кенін...

ТҮСІНІКТЕМЕ:

1. «Құмай пораз» – Сыр шайырлары құстың асылын, жүйрікті «Құмай-поза» деп атаған. ... Бұл дүние көрсен де жүз дөп-дөңгелек. Бәрі су дүнианың, қыр-төңірек. Ортасы ошал судың төрт қысымда: Қара жер, дарық, теңіз – бөлек-бөлек. Кесілген төрт қысымды қызықсызды, Айтатын аңғарды жөні бөлек: Азия, Еуропа, Африка, Америка астындағы жерге дерек...

Ру атауымен «Қарасақал Ерімбет» атанған, қазақтың жазба ақындары арасынан жердің дөңгелек екенін алғаш айтқанның бірі, Сырдың дарабоз шайыры Ерімбеттің «Қырық кеп» атты 1910 жылы жазылған танымдық толғауынан ...

Автор

Шайырдың шешен данасы

(Ақша батыр ұрпағы Ерімбет Көлдейбекұлы атамның рухына арнаймын)

«Сыр – Алаштың анасы», Ешкімнің жоқ таласы, Сүлей-дүрді түлеткен, Шебер сөз ұстаханасы. Бәрі жүйрік, сыр-нақыш – Кемелді ойдың сарасы. Дөңгелек дүние назарда, Мірдей-ді берген бағасы. Ерімбетті атады: «Шайырдың шешен данасы». Аруақты ер бұлты бар, Қалт кептейтін тілеген. От шашып әркез тұратын, Көзінің ағы-қарасы. Сусыны шығыс ілімі, Жүйріктің асыл порасы. «Жер дөңгелек» деп айтқан, Шайырдың өлшем-пардасы. Көлдейбекұлы Ерімбет, Ұшқыр ойдың ардасы. Сөзінен сөздік құраған, Қазақтың дана Нұртасы¹ ...

ТҮСІНІКТЕМЕ:

1. «Нұртас» – Арабия-қазақша түсіндірме сөздігінің авторы Нұртас Дәніпбайұлы Оңдасынов.

Даража БАЛАПАН, зангер, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



ЖЫР ТОЛҚЫТЫП, КҮЙ ШАЛҒАН



Сыр өңіріндегі шығармашылық өкілдері арасында өзіндік жолы бар қаламгер, ақын, күйші-сазгер, Қазақстанның құрметті журналисі, Арал ауданының құрметті азаматы Жұмабай Жақып 80 жасқа толды.

Осыған орай Арал аудандық мәдениет үйінде мерейтой иесінің шығармашылығына арналған «Сөз бен саз әлемінің сардары» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Кеш иесінің өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін бейнебаян көрсетіліп, қаламынан туған өлеңдері оқылды.

Саналы ғұмырын саликалы ой, сұлу сөзбен өрнектеген қаламгердің балалар шығармашылығына арналған «Ақ самолет, самолет...» және «Көк теңіздің көз жасы» атты ертегі кітаптарының тұсауы кесілді. Сондай-ақ мерекелік концертте қаламгердің сөз бен саз әлеміндегі туындылары жұртшылыққа жол тартып, рухани әсер сыйлады.

Кешке арнайы қатысқан аудан әкімі Аманжол Онғарбаев қалам мен күй құдіретін бойына дарытып, халқына рухани қазына сыйлаған қарымды қаламгер, дарынды күйші, мерейтой иесі Жұмабай Жақыпқа аудан халқының атынан ізгі ниетін білдіріп, сый-құрмет көрсетті. Бұдан бөлек, облыс әкімінің арнайы құттықтауын

жеткізіп, облыстың ең жоғары марапаты – Құрмет грамотасын табыстады. Мерейтой иесі Ж.Жақыптың қаламдас, замандастары, Сырдың сырлы сәлемін ала келіп, жылы лебіздерін жеткізді.

Олардың қатарында Қызылорда қаласы мен Арал, Қазалы, Жанақорған аудандарының құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, республикалық «Жалантөс баһадүр» қоғамдық қорының президенті Н.Мұсабаев, еңбек ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы, «Парасат» орденінің иегері С.Ансат, белгілі тележурналист, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері К.Есім-сейітова, «Сыр медиа» ЖШС-ның бас директоры М.Аралбаев және журналистика саласының ардагері, «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Ерімбетов бар.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ – БАЙҚАУ ҮЗДІКТЕРІ

Тараз қаласында осымен сегізінші жыл қатарынан өткен Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив шығармалар байқауының қорытындысы жарияланды. Бұл туралы Жамбыл облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасынан хабарлады.



Байқауды Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен «Зан» медиа-корпорациясы ұйымдастырды. Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов қатысушыларды құттықтады. Сонымен қатар кешке елімізге белгілі қаламгерлер, құқық қорғау саласының ардагерлері, журналистер мен қала тұрғындары қатысты.

Биыл байқауға 70-тен астам туынды келіп түскен. Шешуші кезеңде соның арасынан іріктеліп шыққандарды белгілі журналист, Парламент Сенатының депутаты Нұртоғре Жүсіп жетекшілік еткен қазылар алқасы сараптап, үздіктерді анықтады.

Үздіктер қатарында жерлестеріміз де бар. Атап айт-

қанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов II республикалық 24.kz телеарнасының тілшісі Шернияз Жалғасбекұлы III орынды иеленді. Ал Қызылорда облыстық «Дегдар-нюс» ақпараттық агенттігінің бас редакторы Үйітқан Жарекө Жамбыл облыстық сотының арнайы жүлдесімен марапатталды.

Айта кету керек, Кемел Тоқаев атындағы бұл байқаудың мақсаты – жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, детектив жанрын дамыту, әдебиет арқылы әділдік пен адамгершілік қағидаттарын насихаттау.

«СБ» ақпарат

Өңір өнімі

«Әлемнің әміршісі – еңбек», немесе «Еңбек түбі – береке» дейді дана халқымыз. Адал еңбекке бет бұрып, нарықтық заманға сай кәсіппен ұштастырып отырған азаматтар арасында аз емес. Шағын және орта кәсіпкерліктің кең қанат жайып, өркендеуіне мемлекет тарапынан да тиісті бағдарламалар арқылы нақты көмек-қолдаулар көрсетіліп отырғаны көңіл қуантады.



СЫРДАРІЯНЫҢ САБЫНЫ

Сырдария ауданының тұрғыны Айбол Смайлов – 2023 жылы «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1 380 000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант иегері атанып, жеке кәсіпке ден қойғандардың бірі. Ол тұрмыстық химия өнімдерін, атап айтқанда кір сабын, нис сабын және сұйық сабын шығарумен айналысады.

– 2021 жылы жұмыстан қысқарып кеттім. Отбасының негізгі асыраушысы өзім, сондықтан қарап отыруға болмайды. Содан ғаламтордан сабын өндіру кәсібі туралы көзім шалып қалды. Бұрын мұндай кәсіппен айналыспаған соң, бастапқыда қорқыныш та болды. «Тұтынушылардың көңілінен шыға ма? Бәсекелестерді қалай басып озамыз?» деп ойладық. Дегенмен сабын шығарудың қырсырын меңгеріп, өзіміздің тұрақты

тұтынушыларымызды таптық. Ауылдағы «Көркем», «Шархан», «Лидер», «Жазира», «Престиж» секілді дүкендерде сатылады және үйден келіп алатындар да жоқ емес. Өйткені біздің өнімнің бағасы қолжетімді әрі химиясыз жасалады, – дейді ол.

Расында кәсіптен нәсіп табу оңай шаруа емес. Ол үшін ең бірінші тәуекел ете білу керек. Одан соң өнімнің сапасы мен бағасының қолжетімді болуы да маңызды. Бастысы, тұтынушы көңілінен шығу қажет. Міне, осы қарапайым қағидаларды ұстанған Айбол Сағындықұлы есік алдындағы аядай бөлмені шағын цехқа айналдырып, бір отбасыны асырап отыр. Көпбалалы әке қызының құрметіне арнап өнімдерге «Ханшайым» атауын берген.

Кәсіпкер өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасы арқылы өндіріс көлемін ұлғайтуға және өнім

ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік алған. Бұрын сабынның түр-түрін шығаратын болса, енді оған ыдыс жуатын сұйықтық, сусабын қосылды. Бұл өнімдерді шығарудың аса қиындығы жоқ. Тоң май, өсімдік майларын қайнатып, арнайы қоспалар пайдаланады. Шикізатты Алматы қаласынан алдырады.

– Алдағы уақытта кәсіпті кеңейтіп, тың бағыт бойынша жанышылдық енгізу ойда бар, – дейді ол. Ерінбей еңбек етіп, табанды тірлік етіп отырған көпбалалы әке, аудандағы шағын кәсіптің дамуына үлес қосып, өндірістің жаңа серпінін қалыптастыруға үлгі болып отыр.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы».
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі және облыстық қоғамдық кеңес су шаруашылығы саласының ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Әділхан Қарлыхановтың** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына кайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр бойын» ақпараттық агенттігінен де (сайттан) оқыңыз



Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Қанірбек-ович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2025 жылдың 9 маусымында қайтыс болған азаматша Сейтманова Патиманың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарлауын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Ақпарат көздерінен